



БҮЙРЫҚ

2023 ж 3 наурыз
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 61
город Нур-Султан

Орта білім беру үйымдарында
мектепшілік есепке алууды
жүргізу жөніндегі әдістемелік
ұсынымдарды бекіту туралы

Жоғары педагогикалық назар аударуды талап ететін білім алушыларды
уақтылы анықтау және оларға қолдау көрсету мақсатында **БҮЙЫРАМЫН**:

1. Осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес Орта білім беру үйымдарында мектепшілік есепке алууды жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілсін.
2. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне жүктелсін.
3. Осы бүйрық қол қойылған күнінен бастан қашнане енеді.

Министр



F. Бейсембаев

Қазақстан Республикасы
Оқы-ағарту министрінің
2023 жылғы «3 » наурауз
№61 бұйрығына қосымша

Орта білім беру үйымдарында мектепішілік есепке алу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Әдістемелік ұсынымдар жоғары педагогикалық назар аударуды және оларға әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді талап ететін білім алушыларға қатысты орта білім беру үйымдарының мектепішілік есебін жүргізуге арналған.

2. Әдістемелік ұсынымдар ұсынымдық сипатта болады.

3. Мектепішілік есепке алу (бұдан әрі – МЕ) келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

жоғары педагогикалық назар аударуды талап ететін балаларды уақтылы анықтауға;

білім алушыны білім беру ортасының жағдайына бейімдеуге көмектесу, оқу мотивациясын арттыруға;

ата-аналарға және өзге де занды өкілдерге балаларды оқыту мен тәрбиелеуде көмек көрсетуге;

кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуының, құқық бұзушылықтарының және қоғамға қарсы іс-әрекеттерінің алдын алуға;

білім алушыларға, олардың ата-аналарына және өзге де занды өкілдеріне әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге бағытталады.

2-бөлім. МЕА-ның тәртібі

4. Білім алушыны МЕА сынып жетекшісінің, әлеуметтік педагогтің, пән мұғалімінің және басқа да мұдделі тұлғалардың өтініші негізінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының ұсынысы бойынша Профилактикалық кеңестің отырысында қаралады.

5. Мектептің Профилактикалық кеңесінің отырысы білім беру үйымы әкімшілігінің шешімі бойынша өткізіледі.

6. Профилактикалық кеңес білім беру үйымы қызметкерлерінің қатарынан (кемінде 5 адам) құрылады және білім беру үйымы басшысының бүйрығымен бекітіледі.

7. Білім беру үйымының басшысы Профилактикалық кеңес төрағасы, хатшысы – әлеуметтік педагог немесе оны алмастыратын адам болып табылады.

8. Қажет болған жағдайда Профилактикалық кеңес отырысына қатысуға мұдделі мамандар (сынып жетекшісі, педагог-психолог, пән мұғалімі, кәмелетке

толмағандардың істері жөніндегі аймақтық полиция инспекторы, медицина қызметкери) тартылады.

9. Профилактикалық кеңес отырысына қатысу үшін мектепішлік есепке алу мәселесі қаралып жатқан білім алушының ата-аналары немесе басқа занды өкілдері шақырылады.

10. Мектепішлік есепке алуды жалпы үйлестіруді білім беру ұйымы басшысының жауапты орынбасары жүзеге асырады, бақылауды білім беру ұйымының басшысы қамтамасыз етеді.

11. Профилактикалық кеңес отырысына дейін үш күн бұрын директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына білім алушыға мінездеме, психологиялық қорытынды, отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі (қажет болған жағдайда), кәмелетке толмағандармен, оның ата-аналарымен МЕА қойылғанға дейін жүргізілген профилактикалық жұмыс туралы қысқаша ақпарат беріледі.

12. Профилактикалық кеңес отырысының қорытындысы бойынша білім алушымен, оның ата-аналарымен немесе өзге де занды өкілдерімен профилактикалық жұмыстың жеке жоспары (бұдан әрі - ПЖЖЖ) бекітіледі.

13. Профилактикалық кеңес отырысының хаттамасында өткізілген күні, қатысушылар туралы деректер (аты-жөні (бар болса), лауазымы), күн тәртібі, тыңдау қорытындылары бойынша қысқаша үзінді көшірме, қабылданған шешім көрсетіледі. Профилактика кеңесінің хаттамасына төрағалық етуші мен хатшы қол қояды.

14. Әлеуметтік қауіпті жағдайға ықпал ететін себептер мен жағдайларды негізге ала отырып, ПЖЖЖ жеке ықпал ету шарапарын көрсету жөніндегі іс-шаралар көзделеді: кәмелетке толмағанды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету, сабакқа қатысуын бақылау, сабактардың қосымша кестесі, пәндері бойынша қарыздарын тапсыру мерзімдерін белгілеу, қажет болған жағдайда психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру мамандарына жіберу, профилактикалық әңгімелесу, сабакқа қатысу, мінез-құлықты түзету, жаңа дағдыларды дамыту, сабактан тыс уақытта және бос уақытта, оның ішінде каникул уақытында жұмыспен қамту, ата-анамен жұмыс, жалпы оқыту қорынан көмек, құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесіне кіретін мүдделі органдар мен ұйымдардың мамандарымен өзара іс-қимыл жасау.

Профилактикалық жұмыстың жеке жоспарының бір данасы ата-аналарға немесе өзге де занды өкілге беріледі.

15. Әрбір іс-шара бойынша жауапты тұлғалар көрсетіледі және нақты орындау мерзімдері белгіленеді.

16. Білім алушының жалпы МЕА мерзімі үш айдан алты айға дейін. Қажет болған жағдайда жеке профилактикалық жұмысты жүргізу мерзімдері Профилактикалық кеңес шешімі негізінде ұзартылады.

17. Егер ата-аналар немесе өзге де занды өкілдер МЕА аясында мектеп ұсынатын көмектен бас тартса және балада туындаған проблемаларды шешуде шаралар қабылдамаса, білім беру ұйымының әкімшілігі кәмелетке

толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аумақтық комиссияға:

кәмелетке толмаған баланы асырау, тәрбиелу немесе оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындашының ата-аналарға немесе өзге де заңды өкілдерге қатысты материалды қарау туралы;

кәмелетке толмағандардың ата-аналарына ықпал етудің әкімшілік шаралары туралы;

әкімшілік жауаптылық белгіленген әрекетті жасаған кәмелетке толмаған адамға қатысты материалды қарау туралы ұсыныс береді;

білім алушыны ішкі істер органдарында есепке қою туралы.

3-бөлім. МЕА және одан шығарудың негіздемелері

18. МЕА үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) академиялық үлгермеушілік;
- 2) отбасындағы жайсыздықтар;
- 3) қадағалаусыздық, панаусыздық, қаңғыбастық, қайыршылық;
- 4) мектептің Жарғысын және Мектептің ішкі тәртіп ережесін өрескел немесе бірнеше рет бұзу;
- 5) сабактарға дәлелсіз себептермен жүйелі түрде қатыспау;
- 6) әкімшілік құқық бұзушылық жасау;
- 7) психикалық белсенді, уытты заттарды, есірткі құралдарын, спиртті ішімдіктерді тұтыну, темекі шегу.

19. МЕА туралы шешім жауапты адамның өтініші бойынша сынып жетекшісінің, психологиялық қызмет мамандарының оң мінездемесі негізінде, сондай-ақ басқа да объективті себептермен (көшу, оқу орнын ауыстыру) Профилактикалық кеңесте қабылданады.

20. МЕА-да тұрған білім алушыны басқа білім беру үйімінде ауыстырған жағдайда жүргізілген профилактикалық жұмыс туралы ақпарат облыстың білім беру басқармасы органының әдістемелік қызметі бекіткен алгоритмге сәйкес оқу орны бойынша беріледі.

21. Осы Әдістемелік ұсынымдардың 18-тармағында көзделген негіздер туындаған жағдайларда есепке қайта қоюға жол беріледі.

22. Білім алушыны МЕ құқықтық салдарға әкеп соқпайды және білім беру үйімінде білім беру ортасы жағдайында уақтылы, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге арналған.

23. Кәмелетке толмаған баланы ішкі істер органдарында есепке қою жағдайларын қоспағанда, МЕ білім алушылардың саны білім беру үйімінде рейтингіне теріс әсер ететін көрсеткіш ретінде бола алмайды.